

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА

КЕЛІСІЛДІ

Өскемен қаласы әкімдігінің
№ 15 орта мектебі ҚММ

 Бектургенева А.Б.

(қалы)

« 02 » 06 2020 ж.

БЕКІТІЛДІ / УТВЕРЖДЕНО

Факультеттің кеңесі төрағасы / Председатель
совета факультета

 Мадияров М.Н.

(қалы)

Хаттама / Протокол

№ 10 «11» 06 2020ж/г

ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)

Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

Оқу пәнінің атауы / Наименование учебной дисциплины

5В011600-ГЕОГРАФИЯ

(БББ атауы және коды/код и название ОП)

Оқу түрі / Форма обучения / күндізгі

(күндізгі / очная. ОБ/СО)

Курс/Курс 3

Семестр/Семестр 6

Кредиттер саны/Количество кредитов 5

Дәрістер/Лекции 30

Практикалық (семинар) сабақтар/

Практические (семинар) занятия 20

Зертханалық сабақтар/

Лабораторные занятия _____

БӨӨЖ / СРОП 25

БӨЖ / СРС 75

Емтихан / Экзамен 6 семестр

Өскемен, 2020 ж/г.

Құрастырушы / Составитель:  Женсикбаева Н.Ж. PhD доктор
(Оқытушының А.Т.Ә. ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі /
ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность)

Пән бағдарламасы (Syllabus) / Программа дисциплины (Syllabus)

Пәннің бағдарламасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы) негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) (жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины);

Пәннің бағдарламасы (Syllabus) университет Академиялық кеңес отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / **Программа дисциплины (Syllabus)** разработана на основании учебной программы, утверждённой на заседании Академического совета университета
Хаттама / Протокол № 04 «21» 04 2020 ж./г. (базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры
Хаттама / Протокол № 10 «3» 06 2020 ж./г.

Кафедра меңгерушісі / Заведующий кафедрой  Дакиева К.Ж.

1. Пән туралы ақпарат

«Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы»	Пәннің коды EPSGM -3305	Кредит саны 5	Курс / семестр 3/5
География	5B011600	Экология және география кафедрасы	Жаратылыстану ғылымдары және технологиялар факультеті
Пәнді өткізу уақыты және орны <i>оқу кестесі бойынша, № 4 оқу ғимараты, 9 ауд.</i>			
Кеңес беру уақыты – оқу кестесі бойынша			
Рейтинг кестесі: 7 және 15 апта			
Н.Ж. Женсикбаева, PhD доктор, аға оқытушы		Байланыс ақпараты (телефон -8-705-127-44-47, e-mail: naz_zanibek@mail.ru)	

2. Пәннің қысқаша мазмұны:

Мақсаты - әлемдік шаруашылық салаларының дамуы мен орналасуының заңдылықтары, аймақтық ұйымдастыру, әлемдік қауымдастықтың негізгі даму тенденциялары туралы экономикалық-географиялық білімді қалыптастыру.

Міндеттері: дүниежүзі шаруашылығының салалық және кеңістіктік құрылымы, әлемнің жекелеген елдерімен аймақтарындағы, оның даму тенденцияларындағы ерекшеліктерін қарастыру; дүниежүзі елдерінің аймақтық экономикалық және әлеуметтік саясатына; табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды негіздеу; әртүрлі типтегі және масштабтағы аумақтық-шаруашылық кешендерді қалыптастыратын интеграциялық үрдістер, сонымен бірге дүниежүзі елдерінің әлемдік шаруашылық байланыстарын қарастыру.

Құзыреттілік: Дүниежүзі елдерінің даму деңгейін түрлі көрсеткіштер арқылы анықтай білу. Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрлымын анықтап, талдау жасауы қажет. Дүниежүзіндегі елдердің шаруашылығына толық сараптама жасап, салыстырмалы түрде талдау жасау. Халықаралық ұйымдардың мақсаты мен міндеттерін біліп, толық түсіну.

Оқыту нәтижелері

1) әлемнің саяси-географиялық бейнесін, табиғи-ресурстық әлеуетін, өңірлер мен әлемнің жекелеген елдерінің халқы мен Еңбек ресурстарын қалыптастыру мен дамыту шарттарын айқындау;

2) табиғи ресурстарды, халықты, еңбек ресурстарын және әлемдік шаруашылық салаларын дамыту мен орналастырудың негізгі заңдары мен заңдылықтарын түсіну;

3) картографиялық және статистикалық материалдар негізінде аумақтың әлеуметтік-экономикалық компоненттерінің даму заңдылықтарын, географиялық, экологиялық және экономикалық мазмұнның байланыстарын түсіндіру;

4) географиялық ақпараттың әртүрлі көздері негізінде табиғи, әлеуметтік-экономикалық кешендер мен олардың компоненттерінің дамуын, құрылымын және бөлінуін талдау;

5) әдеби, анықтамалық, картографиялық және статистикалық материалдарды пайдалана отырып, әлем елдерінің кешенді экономикалық-географиялық сипаттамасын құру;

б) әлеуметтік-экономикалық жүйелердің, әлемнің нақты елдерінің және экономика салаларының қазіргі заманғы жай-күйін, географиялық ақпаратты талдау негізінде даму үрдістерін бағалау.

Пререквизиттер

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе (Транспорт географиясы)
2	Қазақстан физикалық география және әлеуметтік-экономикалық география салаларының курстары (Қазақстанның жер бедері, климаты, гидрологиясы, топырақ қабаттары, аудандары, экономикалық аймақтары, туризм географиясы);
3	Өндірістің техникалық-экономикалық негіздері (Өнеркәсіп ошақтары)
4	Картография топография негіздерімен (жергілікті жерді планы, масштаб негіздері).

Постреквизиттер тізімі

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Оқу-тәрбиелік іс тәжірибе, өндірістік педагогикалық іс-тәжірибе.
2	Диплом жұмыстары

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Пән тақырыптарының атауы	Апта	Сабақ түрі бойынша аудиториялық сағат саны		Сабақ түрі бойынша аудиториялық емес сағат саны		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Пр/сем./ зертх-қ./ студ (с.)	БООЖ (с)	БӨЖ (с)	
1	Қазіргі заманғы әлемнің саяси картасы	1	1	2	1,6	5	9,6
2	Дүниежүзілік шаруашылық: Отын-энергетика кешені. Дүниежүзілік көмір, мұнай және газ өнеркәсібінің географиясы. Дүниежүзілік электр энергетикасы.	2	1	2	1,6	5	9,6
3	Дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібі. Қара және түсті металдардың шикізат базасы, өндіру және қолдану географиясы және оның өзгеруі.	3	1	2	1,6	5	9,6
4	Дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібі. Машина жасау өнеркәсібінің қазіргі салаларының географиясы.	4	1	2	1,6	5	9,6
5	Дүниежүзілік химия өнеркәсібі. Салалардың, шикізат базаларының ерекшелігі	5	1	2	1,6	5	9,6
6	Дүние жүзінің халықтарының географиясы.	6	1	2	1,6	5	9,6
7	Дүниежүзілік ауыл шаруашылық өндірісінің географиясы. Дүниежүзілік агроөнеркәсіп кешені (ДАӨК)	7	1	2	2,6	5	10,6
8	Дүниежүзілік көлік және коммуникация географиясы	8	1	2	1,6	5	9,6

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

9	Дамыған елдер. АҚШ, Жапония	9	1	2	1,6	5	9,6
10	Батыс Еуропаның дамыған елдері	10	1	2	1,6	5	9,6
11	Ұлыбритания	11	1	2	1,6	5	9,6
12	Қоныс аударушы елдер. Канада мен Аустралия. ОАР	12	1	2	1,6	5	9,6
13	Дамушы елдер. Азия елдері	13	1	2	1,6	5	9,6
14	Латын Америка елдері	14	1	2	1,6	5	9,6
15	Африка. Аустралия мен Мұхиттық аралдар елдері	15	1	2	1,6	5	9,6
	Барлығы	15	20	30	25	75	145
Ағымдағы бақылау			Пәннің жалпы сағат санының 10% (санын көрсету) /				

6. Дәріс сабақтарының мазмұны

Тақырып 1. Қазіргі заманғы әлемнің саяси картасы. Кіріспе. Дүниежүзінің қазіргі саяси картасы. Елдердің мемлекеттік құрылысы.

Дүниежүзі картасының қалыптасу кезеңімен қазіргі құрылымы. Дүниежүзілік экономикадағы мемлекеттердің негізгі типтері және олардың экономикалық бірлестіктері. Саяси картадағы елдерді аймақтарға бөліп қарастыру. Саяси картадағы елдерді әр түрлі көрсеткіштеріне қарай топтастыру. Елдердің мемлекеттік құрылымы мен басқару түрлері. Макроэкономикалық көрсеткіштер: жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ). Дүниежүзінің табиғат ресурстары мен табиғат жағдайлары. Ресурспен қамтылу туралы ұғым. Дүниежүзі елдері шаруашылығын орналастырудағы табиғи-ресурстық әлеуетінің рөлі. Табиғи ресурстардың сарқылуы. Табиғатты пайдалану саясаты.

Тақырып 2. Дүниежүзілік шаруашылық: Отын-энергетика кешені. Дүниежүзілік көмір, мұнай және газ өнеркәсібінің географиясы. Дүниежүзілік электр энергетикасы.

Шаруашылықтың бірінші, екінші, үшінші секторлары пайда болуының жалпы тарихи заңдылықтары. Ғылымның дүниежүзілік өндіріс күшінің өсуіндегі рөлі. Отынды өндіру, тасымалдау және қолдану ерекшеліктері. ГТР әсерінен даму ерекшеліктері. Көмір өнеркәсібі. Дүние жүзіндегі маңызды көмір түрлері, өндіру әдістері, қолдану бағыттары. Саланың географиясы. Мұнай және газ өнеркәсібі. Мұнай мен газды мемлекеттер мен аймақтар бойынша өндіру мен қолдану географиясы. Мұнай өңдеу өнеркәсібінің географиясы. Электр энергиясы - отын-энергетика кешенінің маңызды саласы. Электр станцияларының негізгі түрлері. Дүниежүзі электр энергетикасының географиясы. Дүниежүзілік энергия жүйелері.

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

Тақырып 3. Дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібі. Қара және түсті металдардың шикізат базасы, өндіру және қолдану географиясы және оның өзгеруі. Маңызды конструктивті материалдарды алу саласы. ҒТР-дың металлургияның құрлымдық өзгерістер мен өнімнің сапасын жақсартудағы, өндіру мен шикізатты байытудағы рөлі, экологиялық мәселелері. Өндірісті ұйымдастыру мен оны орналастыру. Қара металлургия. Дүниежүзінің дамыған елдеріндегі саланың шикізат базасы, металл өндірісі және оны тұтынушылар, өнімді негізгі экспорттаушылар. Түсті металлургия. Саланың дүниежүзі шаруашылығындағы рөлі. ҒТР - дың өндірілетін өнім құрамына әсері. Кейбір аймақтардың мамандануындағы өзгерістер. Сыртқы сауда ерекшеліктері.

Тақырып 4. Дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібі. Машина жасау өнеркәсібінің қазіргі салаларының географиясы. Машина жасау – өнеркәсібі. Оның ҒТР - дың жетістіктерін таратудағы негізгі маңызы. Дүниежүзі шаруашылығындағы маңызды рөлі. Дүниежүзі машина жасау өнеркәсібінің негізгі салаларының географиясы. Өнімдерін экспорттаушы мемлекеттер типі.

Тақырып 5. Дүниежүзілік химия өнеркәсібі. Салалардың, шикізат базаларының ерекшелігі ҒТР - дың химия өнеркәсібі салаларының дамуына әсері, жаңа күрделі өнімдерді шығару. Жоғары технологиялық химикаттар мен полимер материалдар үлесінің жоғарылығы. Әртүрлі типтегі елдердегі шаруашылықты химияландыру үрдісінің қазіргі кездегі ерекшеліктері. Сала дамуындағы экологиялық мәселелер. Сыртқы сауданың негізгі белгілері. Биоиндустрия - өнеркәсіптің жаңа саласы. Биоиндустрияның дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдеріндегі негізгі белгілері.

Тақырып 6. Дүние жүзінің халықтарының географиясы. Халық саны, оның ұдайы өсуі. Халықтың құрамы, еңбек қорлары және миграциялық қозғалыс. Халықтың орналасу, қоныстану түрлері және урбандалу. Әртүрлі елдердегі құрамының ерекшелігі.

Тақырып 7. Дүниежүзілік ауыл шаруашылық өндірісінің географиясы. Дүниежүзілік агроөнеркәсіп кешені (ДАӨК) Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығының негізгі өндірістік типтері. Өсімдік шаруашылығы. Салалары, маңызы, құрылымы. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының географиясы. Дәнді, майлы, сергектік дақылдар. Мал шаруашылығы. Жемшөп базасының әртүрлі елдердегі ерекшелігі. Жетекші салалары – ірі қара, қой, шошқа

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

шаруашылықтары, таралуы мен маңызы. Сала өнімін экспорттаушылар. Дүние жүзінің агроөндірістік кешені. Саланың халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудегі рөлі. Қолданатын шикізат құрамы. Дүниежүзі елдерінің тамақ өнімдерін өндіру және экспорттаудағы мамандануы.

Тақырып 8. Дүниежүзілік көлік және коммуникация географиясы. Көліктік- коммуникациялық жүйе. Саланың шаруашылық дамуындағы рөлі. Дүниежүзілік және аймақтық көлік жүйесі дамуының негізгі көрсеткіштері. Автомобиль көлігі. Оның жолаушы және жүк тасымалдаудағы рөлі. Автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау және оның ерекшелігі.. Темір жол көлігі. Оның халықаралық және мемлекет ішіндегі жүк тасымалдаудағы рөлі. Ірі халықаралық магистралдар. Теңіз көлігі. Ірі теңіз порттары. Халықаралық жүк тасымалындағы рөлі. Құбыр көлігі. Құбыр көлігінің географиясы. Әуе көлігі. Маңызды халықаралық әуе жолы мен әуе көлігі порттарының географиясы. Дүниежүзінің аймақтық көлік жүйесінің сипаттамасы. Халықаралық коммуникациялық байланыс.

Тақырып 9. Дамыған елдер. АҚШ, Жапония Дамыған елдерге жалпы сипаттама. Дамыған елдерді жіктеу. Аймақтарға бөлу. АҚШ пен Жапонияның экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 10. Батыс Еуропаның дамыған елдері Еуропаның дамыған елдері. Германия Федеративтік Республикасы, Ұлыбританияның Біріккен Карольдігі, Франци, Италия. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 11. Ұлыбритания. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал

шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 12. Қоныс аударушы елдер. Канада мен Аустралия. ОАР Канада, Аустралия Одағы және ОАР. Ертеректегі қоныс аударушы капитализм елдерін салыстырмалы түрде қарастыру. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 13. Дамушы елдер. Азия елдері. Дамушы елдерге жалпы сипаттама. Шығыс және Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс Азия елдері. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 14. Латын Америка елдері Латын Америка елдерін аймақтарға бөлу. Орталық Америка және Кариб, Анды, Ла-Плата, Амазонка. Мексика еліне жалпы сипаттама. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы, қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық экономикалық қатынастар: несие-қаржы қатынастары мен сауда айналымы. Экологиясы.

Тақырып 15. Африка. Аустралия мен Мұхиттық аралдар елдері. Африка елдерін аймақтарға бөлу; Солтүстік, Батыс, Орталық, Шығыс және Оңтүстік. Аустралия және Мұхиттық арал елдерін аймақтарға бөлу; Меланезия, Полинезия және Микронезия. Аймақ елдеріне жалпы сипаттама. Экономикалық географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен байлықтары. Мемлекеттік құрылымы: басқару формасы мен әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Халқы: саны мен ұдайы өсуі, жас-жыныстық, ұлттық құрылымы, тілі мен діни таралуы,

қоныстануы мен көшіп-қонуы. Шаруашылығы: ауыр, жеңіл өнеркәсібі, өсімдік және мал шаруашылығы, құрлық, су, әуе және құбыр көліктері. Халықаралық байланыстары мен экологиясы.

7 Практикалық (семинарлық) сабақтар.

Тақырып 1. Дүниежүзінің қазіргі саяси картасы: құрылымы және жаңа өзгерістер.

Тапсырмалар:

1.«Екінші дүние жүзілік соғыстан» кейінгі әлемнің әр аймақтарында пайда болған тәуелсіз елдердің құрылу үрдісін талдаңыз.

2.Әлемнің саяси тұрғыдан тәуелді елдері мен аумақтарының карта-сызбасын жасаңыз.

3.Әлемнің саяси картасындағы 1990 жылдардағы саяси-географиялық өзгерістерді сипаттап жазыңыз.

4.Әлем елдерін басқарылу түрі бойынша топтаңыз.

5.Елдің «типін» ұғымына анықтама беріңіз.

6.Қазақстанның геосаяси жағдайын сипаттап жазыңыз.

7. «Ел», «мемлекет», «аумақ» (территория) деген терминдерге түсініктеме беріңіз.

8. Оқу құралдарының мәліметтерін және атласты пайдаланып кестені толтырыңыз:

№ р/с	Басқару формасы			Әкімшілік – территориялық басқарудың формасы	
	Республика	Конст. монархия	Абс. монархия	Унитарлық мемлекет	Федеративті мемлекет

9. Дәптерге жазу

а) Жерінің аумағы бойынша ірі 10 ел;

б) Халқының саны бойынша 10 ел;

в) 3 түбекті ел;

г) 3 аралдық ел;

д) 3 архипелаг елдерін;

е) 3 құрлық ішілік елдер.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Дүние жүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдеріне сипаттама беру: субъектілері, объектілері, сандық және сапалық өзгерістер деген сұрақтарға жауап беру, ол үшін мұғалім берген қосымша ақпараттармен жұмыс жасаймыз. Ежелгі, орта, жаңа кезеңде қандай өзгерістер болғанын талдау.

Әдебиеттер: 1,2,3,4,5,6.

Тақырып 2: Дүниежүзілік отын-энергетика өнеркәсібі, оның даму кезеңдері, географиясы және аймақтық ерекшеліктері

Тапсырмалар:

1. Кестені толтыру. Қорытынды жасау.

№	Табиғат ресурстары	Қоры		Өндіру	Ресурспен қамтамасыз етілуі	
		Жалпы геологиялық	Барланған		Жалпы геологиялық	Барланған
1.	Көмір	20 трлн. т	5 трлн.т	5 млрд. т/год		
2.	Мұнай	175 млрд т	137 млрд т	3,5 млрд т		
3.	Табиғи газ		147 трлн м ³	2,2 трлн м ³ /г		

2. Кескін картаға көрсету: Әлемнің картасына мыс, алюминий, қалайы, қорғасын-мырыш және марганец кендерін көрсету.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Кітапханадан В.П. Максаковский Экономическая и социальная география мира оқулығын пайдаланып, әлемнің ресурспен қамтамасыз етілуіне (ресурсообеспеченность) сипаттама беру. Ресурспен қамтамасыз етілудің формуласы: $RQ=Q : \Theta$ (RQ -ресурспен қамтамасыз етілуі, Q -қоры, Θ -өндіру).

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 3: Дүниежүзінің көмір өнеркәсіп географиясы; алаптары, қоры, өндірілуі және экспорты мен импорты.

Тапсырмалар:

Тапсырма №1 Еуропа, ТМД елдері, Америка (Солтүстік, оңтүстік), Австралия материктерінің ірі көмір алаптарын кескін картаға түсіру.

Тапсырма №2 (қара металлургия). Шойын және болат балқыту бойынша бірінші ондыққа кіретін елдерді кесте түрінде көрсетіңіз.

Тапсырма №3 (түсті металлургия). Өзінің шикізатына және әкелінетін шикізатқа маманданған елдерді кесте түрінде көрсетіңіз.

Тапсырма №4

Дүниежүзінің алюминий, қорғасын, қалайы, алтын шығаратын алғашқы 10 – қа кіретін елдерді анықтап кесте түрінде жазыңыз.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Ең алдымен, ТМД елдерінің құрамына кіретін елдерді анықтап, басты көмір бассейндерін әдебиет көздерін пайдаланып нақтылау керек. Статистикалық ақпараттар мен интернет көздерін қолдануға болады.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 4: Әлемдік мұнай өнеркәсіп географиясы; алаптары, қоры, өндірілуі және халықаралық тасымалы.

Тапсырмалар:

1. Мұнай өндіру бойынша алғашқы 10 мемлекеттерді анықтау, диаграмма құру. Олардың пайыздық арақатынасын есептеу.

Мұнай өндіретін елдердің мәліметі келесі кестеден көруге болады:

№	Елдер	млн. тонн	%	диаграммадағы градусы
1.	Сауд Арабиясы	410	19,85%	71,5°
2.	АҚШ	335		
3.	Ресей	290		
4.	Иран	185		
5.	Қытай	155		
6.	Норвегия	155		
7.	Венесуэла	150		
8.	Мексика	140		
9.	Ұлыбритания	130		
10.	БАӘ	115		
Барлығы:		Σ -	100%	360°

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Шеңбер диаграмманы құру үшін:

а) 10 елдің мұнай өндірудің жалпы сомасын есептеп, оны 100% (немесе 360 шеңбер деп алу).

б) диаграммада 10 елдің әрқайсысы қанша градус алады:

1 әдісі – пропорция құру арқылы: мысалы Сауд Арабиясына келесідей болады:

$$\begin{array}{rcl} \text{сумма} & - & 360^\circ \\ 410 & - & x^\circ \end{array}$$

Сол сияқты x басқа елдер үшін дұрыс мәндерді табу.

2 әдісі: проценттік.

$$19,85\% = 0,1985 \text{ шеңбердің үлесі, мысалы } 0,1985 \times 360^\circ = 71,5^\circ$$


Бұл есептеуді басқа мемлекеттер үшін де қайталаңыз.

в) алынған мәліметтерді кестенің 3 бағанасына толтыру;

г) шеңберді сызу және сағат тілі бойынша үлкеннен кіші елдердің үлесін көрсету. Мысалы:

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)



д) диаграмма секторын түрлі түстермен бояу және кестеге сәйкес нөмірлеу.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 5: Дүниежүзілік электр энергетикасы өнеркәсібінің географиясы. ЖЭС, СЭС, АЭС және дәстүрлі емес энергия көздері.

Тапсырмалар:

1. Дүние жүзінің АЭС;
2. Дүние жүзінің СЭС.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Дүние жүзінің кескін картасына электр энергетикасы өнеркәсібінің географиясы бойынша (АЭС, СЭС) алдыңғы қатарлы елдерді белгілеп (10 ел), сипаттамасын беру (1 елге).

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 6: Дүние жүзінің ауыл шаруашылық географиясы

Тапсырмалар: 1. Дүние жүзінің ауыл шаруашылығы

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Дүние жүзінің кескін картасына ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіретін алдыңғы қатарлы елдерді белгілеп, олардың ішінен бидай мен күрішті экспортқа шығаратын елдерге сипаттама жазыңыз.

2. Мал шаруашылығының басты салаларының сызбасын сызыңдар.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 7: Транспорт географиясы және халықаралық экономикалық қатынастар

Тапсырмалар:

1. Ірі теңіз каналдары мен бұғаздарды көрсетіп, олардың жүк тасымалдауындағы маңызын сипаттаңыз. Кескін картаға ең ірі порттарды түсіріңіз. Халықаралық экономикалық байланыстардың түрлерін атап, олардың сызбасын сызыңыз.

2. Статистикалық мәліметтерді пайдаланып көлік түрі бойынша дүниежүзінің көлік торабының ұзындығын анықтаңдар.

Көлік түрі	Ұзындығы мың. км

3. Дүниежүзінің көлік тасымалдау құрылысында әр көлік түрі бойынша жүктайналымының және жолаушыайналымының үлесін анықтаңыз.

Көлік түрі	Жүк айналымының үлесі	Жолаушы айналымының үлесі

4. Дамыған және дамушы елдердің көлік торабының қалыңдығына (густота) баға беріңіз. Өз территориясында темір жолдары жоқ елдерді тізіп жазыңыз.

5. Теңіз флотының тоннаж бойынша бірінші ондыққа кіретін елдерді кесте түрінде жазыңыз. Ірі порттарды атаңыз.

6. Кестені толтырыңдар. Дүниежүзінің машинажасаудың ірі орталықтары. (әр позицияда 5 – тен кем емес)

Саланың атауы	Ел	Машина жасаудың орталығы
Жалпы машина жасау		

Станок жасау		
Электротехника		

Көліктік машина жасау

Кеме жасау (Судостроение)		
Автомобиль жасау		
Авиа жасау		

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Статистикалық ақпараттар мен интернет көздерін қолдануға болады.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 8: Дүниежүзілік түсті металлургия өнеркәсібінің географиясы; құрылымы, салалары, орталықтары және экспорты мен импорты.

1). Дүние жүзінің шаруашылық географиясы. Кестені толтыру.

№	Экспорттайтын тауар	Басты экспорттаушы елдер
1.	Мұнай	
2.	Табиғи газ	
3.	Көмір	
4.	Темір рудасы	

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

5.	Боксит (алюминий)	
6.	Мыс	
7.	Машина және құрал жабдық	
8.	Бидай	
9.	Күріш	
10.	Қант қызылшасы	
11.	Мақта	
12.	Табиғи каучук	
13.	Жүн	
14.	Шай	
15.	Кофе	
16.	Банан	
17.	Темекі	

8. Дүниежүзілік түсті металлургия өнеркәсібінің географиясы. Өзінің шикізатына және әкелінетін шикізатқа маманданған елдерді кесте түрінде көрстеңіз. Кестені толтырыңыз (10 елден): Өзінің шикізат базасына маманданған елдер, толығымен әкелінетін шикізатқа маманданған елдер: Ресей....., Жапония...

9. Дүниежүзінің алюминий, қорғасын, қалайы, алтын шығаратын алғашқы 10 – қа кіретін елдерді анықтап кесте түрінде жазыңыз.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Дүниежүзілік түсті металлургия өнеркәсібінің географиясының басты орталықтарын кескін картадан көрсету.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 9: Дүниежүзілік химия өнеркәсібінің географиясы: кен, негізгі және полимер химиясы.

Тапсырмалар:

1. Дүние жүзінің химия өнеркәсібі.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Кестені толтыру.

Дүниежүзінің химия өндірісі

Саланың атауы	Ел	Орталық
Негізгі химия		
Кышқылды өндіру (күкірт, азот, сілтілік)		
Сілтілік өндірісі Пр-во щелочей		
Калий тыңайтқыштары		
Фосфорлық тыңайтқыштары		
Азоттық тыңайтқыштары		

Мұнай химиясы және мұнайөндеу салалары

Пластмасса өндірісі		
Каучук өндірісі		
хим. талшықтар (Волокна)		

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 10-11: Әлем елдерінің типологиясы.

Тапсырмалар:

1. АҚШ-тың экономикалық географиялық жағдайы, табиғаты, халқы мен мемлекеттік құрылысы және дүние жүзілік шаруашылықтағы алатын орны.

2. Жапония. Территориясы мен ӘЭЖ жағдайлары. Халықтар географиясы мен мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері. Шаруашылығының тез қарқынмен өсуі. Басты өнеркәсіп және ауыл шаруашылық салаларының орналасу және даму ерешеліктері. Транспорт географиясы. Экономикалық аудандары мен сыртқы экономикалық байланыстары.

3. Батыс Европа. Оның ролі мен маңызы. Құрамы мен саяси картасы, олардың мемлекеттік құрылыстары мен ӘЭЖ жағдайлары. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халықтар географиясы. Өнеркәсібінің басты салалары мен аудандары. Ауыл шаруашылық географиясы. Экологиялық проблемалары.

4. «Қоныс аударушы» дамыған капиталистік елдер.«Қоныс аударушы» дамыған капиталистік елдер. Құрамы (Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, ОАР, Израиль), ӘЭЖ жағдайлары. Халықтар географиясы және мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері. Шаруашылық салаларына жалпы салыстырмалы сипаттама. Экологиялық проблемалары, экономикалық аудандары. Сыртқы байланыстары.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:

1-тапсырма бойынша: АҚШ-тың 50 штатының орталықтары мен орналасуын кескін картадан көрсетіп, номенклатура тапсыру.

2-4-тапсырма бойынша: берілген әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерді пайдалану керек.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 12 Дамыған елдер

Тапсырмалар:

1. Дамыған елдердің қазіргі экономикалық-географиялық жағдайларына сипаттама жазыңыз.

2. Екі дамыған елге кесте түрінде салыстырмалы экономикалық – географиялық сипаттама беріңдер

Жоспар	Ұқсастықтың белгілері	Айырмашылық белгілері	
		Бірінші ел	Екінші ел
Елдің құрлысы			

Астанасы			
Территорияның ауданы			
Экономикалық-географиялық жағдайы			
Табиғи жағдайлары және ресурстар			
Халқының саны			
ВВП (ЖІӨ)			
Шаруашылықтың құрылысы			
Өндірістің маманданған салалары			
Ауылшаруашылықтың маманданған салалары			
Көлік салалары			
Өндірістік емес маманданған салалары			
Сыртқы экономикалық байланыстары			
Елдердің дамуы бойынша қорытынды			

1 вариант – АҚШ – Франция

2 вариант – Германия – Ұлыбритания

3 вариант – Жапония – Канада

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:

Берілген әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерді пайдалану керек.

Өнеркәсіптерінің басты орталықтарын кескін картаға көрсету.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 13 Өтпелі экономика елдері

Тапсырмалар:

1 Шығыс Европа елдері. Құрамы, СЭГ жағдайлары. Екінші дүние жүзілік соғысқа дейінгі және одан кейінгі, қазіргі саяси картасы. Халқының ерекшеліктері. Табиғи-ресурстық потенциалы, осы елдер шаруашылығының салалық және территориялық құрылымы. Туризм және демалыс географиясы. Қоршаған ортаны қорғау. Ішкі айырмашылықтары. Аудандары мен орталықтары. ТМД елдерімен және Қазақстанмен арадағы байланыстары. 2.Қытай Халық Республикасы. СЭГ жағдайлары, табиғат ресурстары мен табиғи жағдайы, оларға шаруашылық тұрғысынан баға беру.

2. Екі өтпелі экономика елге кесте түрінде салыстырмалы экономикалық – географиялық сипаттама беріңдер

Жоспар	Ұқсастықтың белгілері	Айырмашылық белгілері	
		Бірінші ел	Екінші ел
Елдің құрлысы			
Астанасы			
Территорияның ауданы			

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

Экономикалық-географиялық жағдайы			
Табиғи жағдайлары және ресурстар			
Халқының саны			
ВВП (ЖІӨ)			
Шаруашылықтың құрылысы			
Өндірістің маманданған салалары			
Ауылшаруашылықтың маманданған салалары			
Көлік салалары			
Өндірістік емес маманданған салалары			
Сыртқы экономикалық байланыстары			
Елдердің дамуы бойынша қорытынды			

1 вариант – Польша – Қытай

2 вариант – Ресей – Қазақстан

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар:

Берілген әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерді пайдалану керек. Өнеркәсіптерінің басты орталықтарын кескін картаға көрсету.

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 14 Дүниежүзілік экономикалық байланыстар

Тапсырмалар:

1. Дүние жүзілік экономикалық байланыстардың ролін, маңызын, негізгі бағыттары.
2. Халықаралық байланыстардың негізгі байланыстары.
3. Әлем елдерінің географиялық еңбек бөлісіне сипаттама жазыңыз.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Атлас картаның мәліметтерін пайдаланып, кескін картаға импортталатын шикізаттың жолдарын әртүрлі түспен көрсетіңіз: мұнай, табиғи газ, таскөмір, темір, алюминий, қорғасын, полиметалдар рудалар, текстильді талшықтар. Елге шикізатты әкелетін елді қызыл түспен бояңыз. Стрелкамен (қызыл түспен) негізгі экспортталатын товарларды және финанстық ағындарды (бар болса) көрсетіңіз. Көк түспен товарларды және капиталды қабылдайтын ірі елдердің атауларын жазыңыз. Елдің сыртқы экономикалық серіктестіктері және импорт және экспорт құрылысы бойынша қорытынды жасаңдар.

1 вариант – Жапония

2 вариант – Франция

3 вариант – Бразилия

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

Оқулықтардың мәтінін пайдаланып дүниежүзілік саудада әлеуметтік – экономикалық дамуы әртүрлі елдердің басты айырмашылықтарын табыңыз. Кестені толтырыңыз.

Дүниежүзілік саудада әлеуметтік – экономикалық дамуы әртүрлі елдердің қатысуы

Елдің типі / Көрсеткіштері	Экономикасы дамыған елдер	Дамушы елдер	өтпелі экономикасы бар елдер
Дүниежүзілік саудада алатын орны (д.ж. сыртқы сауда айналымында үлесі)			
Экспорт географиясы			
Импорт географиясы			
Экспорттың тауарлық құрамы			
Импорттың тауарлық құрамы			

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

Тақырып 15 Халықаралық экономикалық интеграция

Тапсырмалар:

1. Халықаралық ұйымдар мен экономикалық топтар-аймақтық және салалық түрлеріне сипаттама беріңдер.

2. НАФТА, АСЕАН, ОПЕК түсінік беріңдер.

3. Халықаралық экономикалық интеграцияның роліне талдау жасап, сипаттама жазыңыз. Оқулықтардың мәтінін пайдаланып елдердің қай дүниежүзілік ұйымдарға мүше екенін анықтаңдар. Кестені толтырыңыз.

Тапсырмаларды орындауға әдістемелік нұсқаулар: Дүниежүзілік ұйымдарға елдердің мүше болуы

Елдің типі / Дүниежүзілік ұйымдар	Экономикасы дамыған елдер	Дамушы елдер	Өтпелі экономикасы бар елдер
Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)			
Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АТЭХА)			
Біріккен Ұлттардың Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйыммы (ФАО)			
Халықаралық еңбек			

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Программа дисциплины (Syllabus)

ұйым (ХЕҰ)			
Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)			
Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (БДС)			
Еуропалық Одақ (ЕО, Ортақ рынок)			
Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК)			
Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы (АСЕАН)			
Африка бірлігі ұйымы (АБҰ)			

Әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 5.

8. БӨЖ мен БОӨЖ бойынша тапсырма

№	Тақырып атауы	БӨЖ мен БОӨЖ тапсырмаларының мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
1 тақырып	Дүние жүзінің саяси картасының қалыптасуы және мазмұны.	Дүние жүзінің саяси картасының қалыптасуы және мазмұны.	1. Конспект тексеру: ерте, орта, жаңа кезеңде саяси картадағы өзгерістер. Сұраққа жауап беру. 2. Африка номенклатурасын тапсыру.	1
2 тақырып	Дүние жүзі елдерінің мемлекеттік құрылысы, типке бөлу және топтастыру.	Дүние жүзі елдерінің мемлекеттік құрылысы, типке бөлу және топтастыру.	Дүние жүзінің монархты және федеративті елдерінің кестесі, номенклатура.	2
3 тақырып	Саяси география және геосаясат. Халықаралық ұйымдар	Саяси география және геосаясат. Халықаралық ұйымдар. Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ), Еуропалық одақ (ЕО), Солтүстік Атлант келісім одағы (САКО), т.б. халықаралық ұйымдар (барлығын жазу)	Қысқаша түсініктеме. Конспект тексеру.	3
4 тақырып	Дүниежүзілік орман шаруашылығы мен ағаш өңдеу өнеркәсібі географиясы.	Дүние жүзінің орман шаруашылығы дамыған бір елге топ бойынша слайд дайындау	Қорғау	4
5 тақырып	Дүниежүзілік мұхитта және ішкі теңіздерде мұнай мен табиғи газды өндіру.	Дүниежүзілік мұхитта және ішкі теңіздерде мұнай мен табиғи газды өндіру орталықтарын сипаттау	Қысқаша түсініктеме. Конспект тексеру.	5
6 тақырып	Дүниежүзінің ауылшаруашылық географиясы	Ауылшаруашылығы географиясы Ауыл шаруашылығы типі. Ауыл шаруашылығының ерекшеліктері Қазақстанның дүниежүзілік	Жеке жоба	6

		шаруашылықтағы орны		
7 тақырып	Транспорт географиясы мен халықаралық экономикалық қатынастар	Транспорт түрлері. Транспорттың маңызы. Көлік-дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі материалдық өндірістің үшінші бір жетекші саласы. Дүниежүзілік темір жол желісі	Топтық жоба	7
8 тақырып	Ғарыш және ғаламдық мәселелер	Ғарышты бейбіт мақсатта игеру. Ғаламдық мәселелерің өзара байланысы	Реферат	8
9 тақырып	Әлем елдерінің типологиясы	Әлем елдерінің типологиясы. Дүние жүзі мемлекеттерін жерінің ауданы бойынша топтастыру. Мемлекет аумағы бойынша экстремум-мемлекеттер. Әлем елдерінің қазіргі таңдағы типологиясы	Глоссарий	9
10 тақырып	Дамыған елдер	Дамыған капиталистік елдердің дүние жүзілік шаруашылықтағы орны. Ішкі айырмашылықтары және негізі орталықтары. АҚШ-на саяси және экономика-географиялық сипаттама. Батыс Европа елдері. Жапония. «Қоныс аударушы» дамыған капиталистік елдер	Қысқаша түсініктеме, картамен жұмыс. Номенклатура	10
11 тақырып	Өтпелі экономикалық елдер	Шығыс Европа елдері. Құрамы, СЭГ жағдайлары. Екінші дүние жүзілік соғысқа дейінгі және одан кейінгі, қазіргі саяси картасы. Халқының	Картамен жұмыс. Номенклатура	11

		ерекшеліктері. Табиғи-ресурстық потенциалы, осы елдер шаруашылығының салалық және территориялық құрылымы. Туризм және демалыс географиясы. Қоршаған ортаны қорғау. Ішкі айырмашылықтары. Аудандары мен орталықтары. ТМД елдерімен және Қазақстанмен арадағы байланыстары.		
12 тақырып	Дамушы елдер	Дамушы елдер ұғымы. Олардың арасындағы айырмашылықтар. Табиғи-ресурстық потенциалы. Демографиялық жағдайы мен халықтар географиясының проблемалары. Қазіргі кезеңдегі даму сипаты: жетістіктері мен қиыншылықтары. Экономикалық тәуелсіздік үшін күрес. ТМД, Қазақстан және басқа да өтпелі экономикалы елдермен байланыстары.	Картамен жұмыс. Номенклатура	12
13 тақырып	Африканың дамушы елдері мен Латын Америкасының елдері	Африканың дамушы елдері. Саяси картасы, оның қалыптасы тарихы, табиғи-ресурстық потенциалы мен оларды пайдалану ерекшеліктері. Халқының құрамына сипаттама. Осы	Картамен жұмыс. Номенклатура. Реферат	13

		елдердің шаруашылығының салалық және территориялық құрылымындағы ерекшеліктер. Латын Америкасының елдері. Құрамы, СЭГ жағдайлары мен саяси картасы, табиғат ресурстары мен табиғи жағдайларына шаруашылық тұрғысынан баға беру.		
14 тақырып	Дүниежүзілік экономикалық байланыстар	Дүние жүзілік экономикалық байланыстардың ролін, маңызын, негізгі бағыттары. Халықаралық байланыстардың негізгі байланыстары.	Реферат	14
15 тақырып	Меланезия, Полинезия және Микронезия	Меланезия, Полинезия және Микронезия аймақтарын экономикалық-географиялық тұрғыда салыстыру.	Конспект тексеру	15

БӨЖ мен БОӨЖ негізгі мақсаты әлемнің саяси картасындағы елдердің номенклатурасын білу: орналасуы және астанасы, мемлекеттік құрылысы. Барлық сұрақтар бойынша кеңес беру - кестеге сәйкес.

9. Ұпай қою саясаты.

Кредиттік технология жағдайында оқу процесін ұйымдастыру элементтерінің бірі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану болып табылады. Ұпай қою саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралаушылық принциптеріне негізделеді.

Пәнді оқыту барлық өтілген материалды қамтитын, әртүрлі формада (жазбаша немесе ауысша емтихан, тестілеу) емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға рұқсат алудың негізгі шарты – бағдарлама бойынша барлық тапсырмаларды орындау.

Әр тапсырма 0-100 баллмен бағаланады.

№	Жұмыс түрі	Бір тапсырмаға қойылатын баға (max балл)	Тапсырма саны	Жиынтық баға
---	------------	--	---------------	--------------

ШҚМУ Е Ү 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Ф П ВКГУ 002-20-03 Програма дисциплины (Syllabus)

Рейтинг 1				
1	Жеке тапсырмалар	10	10	100
2	Зертханалық жұмысты орындау және қорғау	10	10	100
3	Бақылау жұмыстары және коллоквиумдар	10	10	100
4	Пән тақырыптары бойынша блум таксаномиясының бағалануы	10	10	100
5	Пән тақырыптары бойынша Solo таксаномиясының бағалануы	10	10	100
Барлығы				100
Рейтинг 2				
1	Жеке тапсырмалар	10	10	100
2	Зертханалық жұмысты орындау және қорғау	10	10	100
3	Бақылау жұмыстары және коллоквиумдар	10	10	100
4	Пән тақырыптары бойынша блум, Solo таксаномиясының бағалануы	10	10	100
5	Жобалардың бағалануы	10	10	100
Барлығы				100

Емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы академиялық кезең бойынша алынған барлық ағымдық және аралық бақылаулар бағасы қосындысының орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$ЖР = (АБ_1 + АБ_2 + АБ_3 + \dots + АБ_n + АрБ_1 + АрБ_2) / (n+2),$$

мұндағы *ЖБ* – емтиханға жіберу рейтингісі; *АБ* – ағымдық бақылау; *АрБ* – аралық бақылау; *n* – ағымдық бақылаулар саны; *2* – аралық бақылаулар саны.

Пән бойынша қорытынды бақылауға пән бағдарламасының барлық талаптарын орындаған (барлық практикалық (семинарлық, зертханалық) жұмыстарды және БОӨЖ, БӨЖ бойынша тапсырмаларды орындаған және тапсырған), емтиханға жіберу рейтингісін (50 баллдан кем емес) жинаған білім алушы жіберіледі. Пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісі оң баға болмаса (50 баллдан кем емес) білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша қорытынды баға автоматты түрде төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$Қ = (P_1 + P_2) / 2 * 0,6 + \text{емтихан бағасы} * 0,4,$$

мұндағы *P*₁ – бірінші аралық бақылау бағасы; *P*₂ – екінші аралық бақылау бағасы.

Пән бойынша қорытынды баға білім алушы тек емтиханға жіберу рейтингісі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң баға (50 баллдан кем емес) алған жағдайда есептеледі. Қандай да бір дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қорытынды бақылауға келмеген жағдайда «Емтихан бағасы»

бағанасына «0» (нөл) қойылады. Пән бойынша аралық аттестация нәтижелері білім алушыға сол күні хабарланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт баллдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	Баллдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

10. Оқытушы талабы, саясаты мен тәртібі

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік пен адалдық, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделген.

Бірінші сабақта мұғалім студенттерге пәннің жұмыс оқу жоспары (силлабусы), академиялық пәннің жоспарланған оқу нәтижелері және оларды бағалау тәртібі туралы таныстырады.

Академиялық әділетсіздік байқалған жағдайда ЖОО білім алушылары тарапынан:

- аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтар кезінде: бірінші жол берілген тәртіп бұзғаннан кейін құрылған комиссия білім алушылармен әңгімелесу өткізеді; актіде шығарылған ескерту және қабылданатын шара (бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету; білім алушының жазбаша жұмысын жою, бақылау іс-шарасын қайта өткізуге ұсыныс және т.б.) тіркеледі. Академиялық адалдық фактілеріне қайта жол берілген жағдайда оқу жылы ішінде қайта комиссия құрылады, акт жасалады және одан әрі шешімдер қабылдау үшін тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңеске (бұдан әрі – ТСЖҚК) беріледі;

- аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде: Академиялық әділетсіздік көрсеткен білім алушы сол академиялық кезеңде емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан ведомосына

«Академиялық әділетсіздік танытқаны үшін емтиханнан алынды» деген жазба жазылады, оның түрі көрсетіледі. Емтиханды қайта тапсыру жазғы семестрде немесе келесі академиялық семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және емтихан тапсырады. Емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) білім алушы ШҚМУ-ға қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушының барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей, сабаққа қатысуы міндетті болып табылады. Сабақтан қалған жағдайда деканатта тағайындалған тәртіппен өтелінеді.

Берілген курстың білім алушылар контингентіне кірмейтін бөгде адамдардың дәріске қатысуына тыйым салынады.

Жұмысты көрсетілген мерзімде тапсыру қажет. Барлық тапсырмаларды тапсырудың соңғы мерзімі емтихан сессиясына 5 күн қалғанға дейін беріледі.

Әрбір оқу сабағы бойынша тақырыпты қайталау мен өтілген материалды өтеу міндетті. Оқу материалының меңгерілу дәрежесі жазбаша жұмыстармен немесе тестпен тексеріледі білім алушыларды тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысын (БООЖ) орындау кезінде келесі негізгі функциялар ескеріледі:

- бірінші – оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты студенттердің белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді;

- екінші - оқытушының ұсынымы негізінде студенттердің өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді.

Бұл кезеңде студенттерден жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі;

- Білім алушының үшінші функциясы – өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау.

Білім алушы шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұсқаларын дайындайды;

- Білім алушының төртінші функциясы түсініктеме, ақыл-кеңес, консультация алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

11. Емтихан сұрақтары

1. Дүниежүзінің қазіргі саяси картасы. Елдердің мемлекеттік құрылысы. Дүниежүзінің табиғат ресурстары мен табиғат жағдайлары.

2. Дүниежүзілік шаруашылық: Отын-энергетика кешені. Дүниежүзілік көмір, мұнай және газ өнеркәсібінің географиясы. Дүниежүзілік электр энергетикасы.

3. Дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібі. Қара және түсті металдардың шикізат базасы, өндіру және қолдану географиясы және оның өзгеруі.

4. Дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібі. Машина жасау өнеркәсібінің қазіргі салаларының географиясы.

5. Дүниежүзілік химия өнеркәсібі. Салалардың, шикізат базаларының ерекшелігі

6. Жеңіл өнеркәсіп. Жеңіл және тамақ өнеркәсіп салаларының географиясы

7. Дүниежүзілік ауыл шаруашылық өндірісінің географиясы. Дүниежүзілік агроөнеркәсіп кешені (ДАӨК)

8. Дүниежүзілік көлік және коммуникация географиясы

9. Дамыған елдер. АҚШ, Жапония

10. Батыс Еуропаның дамыған елдері

11. Шығыс Еуропа елдері

12. Қоныс аударушы елдер. Канада мен Аустралия. ОАР

13. Дамушы елдер. Азия елдері

14. Латын Америка елдері

15. Африка. Аустралия мен Мұхиттық аралдар елдері

16. Дүниежүзі мемлекеттерінің әкімшілік-аумақтық және саяси басқару тұрғысынан құрылымы.

17. Дүниежүзінің ауыл шаруашылық географиясы; құрылымы, таралу ареалдары, әсер етуші факторлар, қазіргі мәселелері.

18. Құрлық көлігінің дамуы; ірі магистралдар мен жүк және жолаушы тасымалы.

19. Дүниежүзілік орман шаруашылығы мен ағаш өңдеу өнеркәсібі географиясы.

20. Дүниежүзілік мұхитта және ішкі теңіздерде мұнай мен табиғи газды өндіру.

21. Дүниежүзінің су көлігі; жүк және жолаушы тасымалы, халықаралық дәліздері, порттар.

22. Дүниежүзілік мыс өнеркәсібі географиясы; таралуы мен өндірілуі.

23. Дүниежүзінің жеңіл өнеркәсібі; салалары, таралуы және дамуы.

24. Адамзаттың ғаламдық мәселелері, олардың маңызы және дүние жүзі бшаруашылығы географиясына әсер етуі.

25. Ғаламдық мәселелерді шешудің жолдары.

26. Табиғатты қорғау әрекеті және экологиялық саясат.

27. Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропаны экономикалық-географиялық тұрғыда салыстыру.

28. Шығыс Азия елдері мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін экономикалық-географиялық салыстыру.

29. Орталық Америка елдері мен Ла-Плата елдерін экономикалық-географиялық тұрғыда салыстыру.

30. Меланезия, Полинезия және Микронезия аймақтарын экономикалық-географиялық тұрғыда салыстыру.

12. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Гладкий Ю. Н. Экономическая и социальная география зарубежных стран: учебник для вузов / Ю. Н. Гладкий, В. Д. Сухоруков.- 2-е изд.- М.: Академия, 2009.- 464с.

2. Козьева, И. А. Экономическая география и регионалистика: учеб. пособие для вузов / И. А. Козьева, Э. Н. Кузьбожев.- М.: КНОРУС, 2005.- 336 с.

3. Кузьбожев Э. Н. Экономическая география и регионалистика: учеб. пособие / Э. Н. Кузьбожев, И. А. Козьева, М. Г. Световцева.- М.: Юрайт, 2011.- 540с.

4. Мартынов В. Л. Социально-экономическая география современного мира: учебник / В. Л. Мартынов, Э. Л. Файбусович.- М.: Академия, 2010.- 256с. 5

5. Гаджиев К.С. Геополитика [Текст] : учеб. для вузов / К. С. Гаджиев. - 4-е изд., перераб. и доп. - М. : Юрайт, 2011. - 479 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Василенко, И. А. Геополитика современного мира: учеб. пособие / И. А. Василенко.- М.: Юрайт, 2010.- 395 с.

2. Путырский, В. Е. Политическая география : учеб. для акад. бакалавриата / В. Е. Путырский. - М. : Юрайт, 2018. - 414 с.

3. География мира [Текст] : учеб. и практикум для бакалавриата и магистратуры : в 2 т. / под ред. Н. В. Каледина, Н. М. Михеевой. - М. : Юрайт. Т. 2 : Социально-экономическая география мира. - 2018. - 255 с. -

4. Экономическая география [Текст] : учеб. и практикум для СПО / под общ. ред. Я. Д. Вишнякова. - М. : Юрайт, 2018. - 594 с.

5. Дүйсебаева К.Ж., Ақашева Ә. С. Қызмет көрсету саласының географиясы : оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті, 2013.- 98 бет.

6. Максаковский В.П., Надыров Ш.М., Мылқайдаров Ә.Т. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы : оқу құралы.-Алматы : Қазақ университеті, 2013.-1-ші бөлім.-176 бет.-45 экз

Анықтамалық әдебиеттер

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның географиялық атласы .-Алматы : Глобус Баспа үйі, 2003.-64 бет.

2. Бушуева, Л. П. Страны мира[Текст] : от Австралии до Японии: новейший справочник / Л. П. Бушуева.- Ростов н / Д.: Владис, 2009.- 512 с.

3. Атлас мира[Текст] : атлас / Ю. Н. Голубчиков, С. Ю. Шокарев.- М.: Дизайн. Информация. Картография: Астрель: АСТ, 2007.- 368 с.

4. Родионова И.А., Нүсіпова Г.Н., Тоқбергенова А.А. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы : атлас.- Алматы : Қазақ университеті, 2014.-413 бет.

Интернет-көздері / Интернет-источники

1. <https://www.cia.gov/> - АҚШ Орталық барлау басқармасының сайты (ЦРУ)
2. <http://www.bp.com/> - "BP" мұнай-газ компаниясының сайты
3. <http://www.usgs.gov/> - АҚШ Геологиялық шолу сайты
4. <http://nora.nerc.ac.uk/3260/> - Британдық геологиялық қызметтің статистикалық анықтамасы
5. <http://www.wto.org/> - Дүниежүзілік сауда ұйымының Интернет-порталы
6. <http://www.fao.org/> - БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының порталы (ФАО)
7. <http://geo.1september.ru/> - "Первое сентября" баспа үйінің "География" газеті
8. <http://www.worldmapper.org/> - әлемдік экономика салалары бойынша анаморфоздар
9. <http://wikimapia.org/> - WikiMapia Интернет-порталы. Нысандарды дешифрлеу мүмкіндіктері бар үлкен ғарыштық суреттер.

**«Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы» пәні
бойынша
2020/2021 оқу жылына арналған
пән бағдарламасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу**

Пән бағдарламасына төмендегідей өзгерістер енгізіледі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Пән бағдарламасы қайтадан қаралды, енгізілген өзгерістер Экология және география кафедрa отырысында бекітілді

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020ж.

Аға оқытушы _____ Н.Ж. Женсикбаева
қолы

Кафедра меңгерушісі _____ К.Ж. Дакиева
қолы

Енгізілген өзгертулер келісілді:

Факультет әдістемелік кеңесі төрағасы _____
қолы

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020ж.

Факультеттің Кеңесі төрағасы _____
қолы

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020ж.